

Абдикадыр Мақсаттың «Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысына

ШҚІР

Докторант Абдикадыр Мақсат денсаулық сақтау практикасында үлкен кәсіби тәжірибесі бар маман, қоғамдық денсаулық сақтау саласында елеулі еңбек етіп айтарлық жетістіктерге жеткен денсаулық сақтау ұйымдастырушыларының бірі болып табылады. Зерттеу жұмысында балалар церебралды сал ауруында қалпына келтіру көмегін көрсету мәселелерімен айналысуы осы саладағы көпжылдық еңбегімен тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының «Дені сау ұлт» ұлттық жобасында мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оналтумен қамтуды ұлғайту (2025ж.); өңірлерде балаларды оналту және ерте араласу орталықтарын ашу (2022ж.) әкімдіктерге нақты міндеттермен жүктелген. Себебі, бұл санаттағы денсаулығы шектеулі балалардың қалпына келтіру көмегіне қажеттігі ұзақ мерзімді, тіпті өмір сүру барысында үздіксіз екендігін ұмытпаған жөн, ал мемлекеттік реабилитациялық қолдау көмегі жоспарлы әрі жоғары сұраныста; әркез тиімді кешенге қол жеткізу мүмкіндігі төмен.

Ғылыми жұмыста зерттеу базасында церебралды сал ауруы жағдайында кешенді ұйымдастырылған реабилитациялық көмек көрсетуге қол жеткізу және таңдау мүмкіндігі қарастырылғаны практикалық зерттеліп, ғылыми-теориялық негізделді. Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға түзету-дамыту мақсатындағы қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдірудегі үлгі ерте диагностикалау, реабилитациялық көмекті кешенді үйлестіру; потенциалды даму аймақтарын ескере отырып ерте жасынан жүйелі түрде дифференциалды принциппен ұйымдастыру; мамандардың интегративті әрекет етуін іске асырады.

Абдикадыр Мақсаттың 6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынған «Церебралды сал ауруымен ауыратын балаларға қалпына келтіру көмегін ұйымдастыруды жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толыққұнды ғылыми жұмыс болып табылады. Өзектілігі, методологиялық ұйымдастырылу деңгейі, зерттеу көлемі, ғылыми нәтижелердің негізделу дәрежесі жағынан докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал авторы – философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындауға лайықты.

Ғылыми кеңесші

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ қоғамдық денсаулық кафедрасының доценті, м.ғ.к.



Айтманбетова А.А.